

Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 7 тамыздағы № 727 Жарлығы.

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 19 маусымдағы № 702 Жарлығына сәйкес ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына енгізілетін өзгерістер бекітілсін.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Н.Назарбаев

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2018 жылғы 7 тамыздағы
№ 727 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР

1. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүйесін одан әрі оңтайландыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 22 қаңтардағы № 29 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., № 1, 2-күжат):

2-қосымша осы Жарлықтың қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Күші жойылды – ҚР Президентінің 31.07.2023 № 290 Жарлығымен.

3. "Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетін құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 28 наурыздағы № 1050 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2003 ж., № 12, 130-күжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті туралы ережеде:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Комитеттің Астана, Алматы және Шымкент қалаларында, облыстарда құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі басқармалары және оларға теңестірілген мамандандырылған бөлімшелері (бұдан әрі – аумақтық органдар) болады, олар өз қызметінде Комитет төрағасына бағынады."

4. "Қазақстан Республикасы прокуратура органдарының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 13 қазандағы № 563 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2017 ж., № 47-48-49, 313-құжат):

1) жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы туралы ережеде:

6-тарау мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Облыстар прокуратураларының және оларға теңестірілген прокуратуралардың (республикалық маңызы бар қалалар мен Қазақстан Республикасы астанасының прокуратуралары, бас әскери және көлік прокуратуралары) тізбесі

- 1) Ақмола облысының прокуратурасы;
- 2) Ақтөбе облысының прокуратурасы;
- 3) Алматы облысының прокуратурасы;
- 4) Атырау облысының прокуратурасы;
- 5) Шығыс Қазақстан облысының прокуратурасы;
- 6) Жамбыл облысының прокуратурасы;
- 7) Батыс Қазақстан облысының прокуратурасы;
- 8) Қарағанды облысының прокуратурасы;
- 9) Қостанай облысының прокуратурасы;
- 10) Қызылорда облысының прокуратурасы;
- 11) Маңғыстау облысының прокуратурасы;
- 12) Павлодар облысының прокуратурасы;
- 13) Солтүстік Қазақстан облысының прокуратурасы;
- 14) Түркістан облысының прокуратурасы;
- 15) Астана қаласының прокуратурасы;
- 16) Алматы қаласының прокуратурасы;
- 17) Шымкент қаласының прокуратурасы;
- 18) Бас әскери прокуратура;
- 19) Бас көлік прокуратурасы."

2) жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Сыныптық шендер берілетін прокуратура органдары жүйесі лауазымдарының, сондай-ақ оларға сәйкес келетін шекті сыныптық шендердің тізбесіне ("Қызметтік пайдалану үшін" деген белгісімен).

Қазақстан Республикасы Президентінің

2018 жылғы 7 тамыздағы

№ 727 Жарлығына

ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасы

Президентінің

1999 жылғы 22 қаңтардағы

№ 29 Жарлығына

2-ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасы прокуратурасының ЖАЛПЫ ШТАТ САНЫ

Қазақстан Республикасының прокуратурасы, оның ішінде: Бас прокуратура, Құқық қорғау органдары академиясы, прокуратура органдары, Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитет, Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеттің аумақтық органдары	5716
---	------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК